

**"Бородулиха ауданының аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" 2010 жылғы 17 наурыздағы N 25-3-IV шешімге толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы мәслихатының 2012 жылғы 09 ақпандағы N 2-3-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Бородулиха ауданындағы Әділет басқармасында 2012 жылғы 14 ақпанда N 5-8-146 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы N 11-5-V шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2012.12.21 N 11-5-V шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағы 15) тармақшасына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97-бабына, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-бабына, «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қаулысына, «Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 Қаулысына сәйкес «Бородулиха ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Бородулиха ауданының аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы» 2010 жылғы 17 наурыздағы № 25-3-IV шешімге (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде 2010 жылғы 15 сәуірде № 5-8-108 санымен тіркелген, аудандық «Аудан тынысы» газетінің 2010 жылғы 23 сәуірдегі 19 (6339) санында жарияланған) келесі толықтыру енгізілсін:

«Бородулиха ауданының аз қамтамасыз етілген отбасыларына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесінің 2-бөлімі «Тұрғын үй көмегін беру шарттары» келесі 12 - 1 тармақпен толықтырылсын:

«12-1. Аз қамтамасыз етілген азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің мөлшері қолданыстағы абоненттік төлемақы мен 2004 жылғы қыркүйекте қолданылған абоненттік төлемақы арасындағы айырма ретінде анықталсын».

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*С. БЫКОВ*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*У. Майжанов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК